Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде «6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» атты ғылыми диссертациясына филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ассистент-профессоры
Бейсенқұлов Аязби Ақбергенұлының ПІКІРІ

Қазақ көсемсөзі, оның қоғамдық қатынастардағы орны мен маңызы біршама зерттелген, жүйесі бар ғылым бағыты және қай уақытта болмасын күн тәртібінен түскен емес. Жаһанданудың салдарынан әлемдік коммуникацияда күрделі процестер орын алуда, ол медиа кеңістікті өзгертіп келеді. Бұл үрдістен Қазақстанның да тыс қалмайтыны түсінікті. Жаңа жағдайда көсемсөзді талдап, заманның сөзін жеткізген тұлғалық журналистердің шығармашылығын саралау ғылыми жұмыстың мақсаты ретінде белгіленген екен. Қоғамдық пікір қалыптастырудағы көсемсөздің ерекшелігін зерттеген еңбек өзекті және диссертацияға тақырып болатындай салмақты деп білемін.

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Зерттеу тақырыбы өзектілігі жаңашылдығы мен бүгінгі күнмен үндестігінен танылады және еліміздің ақпараттық саясатымен тығыз ұштасып жатыр. Әсіресе, «Мәңгілік Ел» идеясы, «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысып тұр. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты концептуальды мақаласындағы тұжырымдармен үндестік табады. Яғни, тәуелсіздік пен ұлттық бірегейлік сияқты ғылыми концепциялар шеңберінде атқарылған зерттеу деп бағалауға негіз жоқ емес. Ізденуші Гаухар Жумабекованың алған тақырыбын жақсы білетіндігі жұмысынан көрініп тұр, теориялық материалдарды талдауы өз деңгейінде орындалған. Осы бағытта қазақ ғалымдарының жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып, қазіргі көсемсөздің табиғатын, журналистік шығармашылықты, тілдік және стильдік қолданыстарды талдап береді. Дәстүр және сабақтастық принципіне сай қоғамдық көркем ойдың дамуын, тақырыптық кеңеюін 8 автордың еңбектерін талдап отырып нақты көрсетеді. Тәуелсіз Қазақстанның осы саладағы еңбегі, жаңашылдығы жан-жақты сарапталады. Ежелгі тарихи игіліктерімізді ескере отырып, заманауи трендке ілесе алу, оның зәру мәселелерін іліп әкету, соған лайықты болу адамның тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты. Ендеше, қазақ көсемсөзінің даму үрдістері, тақырыптың зерттелу құрылымы, ізденуші түйіндеген көкейтестілігі, сөз зергерлерінің әлеуметтік, технологиялық және эмоциялық палитрасы, шығармашылық шеберханасы бүгінгі күннің тынысын және болашаққа ұмтылысын айқын көрсетіп тұр.

2. Диссертацияның ғылыми нәтижелері және оның негізделуі.

Ғылыми нәтижелері жұмыста нақты көрсетілген, тұжырымдарымен толық келісемін: тақырып тұңғыш рет зерттеу нысаны, жеке тренд ретінде қарастырылған; көсемсөзге қатысты зияткерлік, руханият, ұлттық сана, мәдени, саяси-әлеуметтік, ұлттық мінез-құлық, ислам философиясы, тұлғатанымдық, саяси-экономикалық сана, экологиялық көзқарас сынды парадигмалар ұсынылған; біршама жаңа ұғымдарға ғылыми сипаттама және анықтама беріледі; пәнаралық

сипаты байқалады, мысалы, өзге жұрттық ықпал-әсердің салдарынан әлеуметтік салада болып жатқан психологиялық трансформация құбылысын айқындаудың публицистік тәсілдеріне «қазіргі замансөздегі ұлттық психологизм» деген атау берілген; жанрлар трансформациясына қатысты тұжырымдары баршылық; әр қаламгердің ешкімге ұқсамайтын өзіне тән психологиясымен қоса жазу мәнері мен стилін айқындайтын «папилляризм стилистикасы» атауы сипатталады; ұлттық әлемнің картинасынан құралатын замансөздегі «динамикалық панорама» деген тың ұғым ғылыми айналымға енгізілген. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарындағы көсемсөздің даму үрдістеріне шолу жасалып, жеке авторлардың шығармашылығын талдау арқылы ғылыми тұжырым жасау, жаңа элементтерді аңғару, алған нәтижелерді жинақтау, сараптау бағытында ізденіс танытады. Сондықтан да алынған нәтижелер негізделген деп тұжырымдауға болады.

3. Әр нәтиженің (ғылыми қағиданың), ізденуші диссертациясы тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және академиялық шынайылық дәрежесі.

Ізденушінің тұжырымдары тиянақты негізделген және шынайылық дәрежесі жоғары деп бағалаймын. Жиырма жылдан аса уақытта қоғамда үлкен өзгерістер орын алды, Қазақстанның тәуелсіздігі салтанат құрды. Бірақ осы жолда үлкен кедергілерді жеңуге, адам санасында өзгерістерді қабылдауға қатысты жаңа құбылыстар орын алды. Қазіргі журналистік шығармашылық көп өзгеріске ұшырауда, сол өзгермелі табиғатын сөзбен сипаттау аса қиын. Сондықтан оның бүгінгі тенденциялары мен заңдылықтарын, символдардың мағыналық эволюциясын дер кезінде, уақтылы ұға білу, даму барысын сол сәтте көрсете білу – күрделі де өзекті проблема. Докторанттың кеңістік пен мезгілдік траекторияда осы виртуалды құбылысты ізін суытпай ұстап қалуға ұмтылуы, соған қолының жетуі – өзектіліктің, шалт танымның бір белгісі. Ал, ғылыми жаңалық пен практикалық қажеттілік осы прагматикалық мақсаттардан туындап жатады.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық нәтижесі ретінде мына жағдайларды атап көрсеткім келеді:

біріншіден, тақырып өзекті, бүгінгі медиа коммуникацияның дамуындағы өзекті мәселелерді қозғайды, журналистік шығармашылықтың табиғатын ашады, қоғамдық маңызына көңіл аударады, жеке қаламгерлердің сөз шеберлігінің сипатын береді және ғылыми қорғауға лайық;

екіншіден, жұмыстың ғылыми аппараты дұрыс, тараулары мен бөлімдері логикалық түсінікті құрылған, өзара сабақтасып, жетіліп, толықтырып отырады;

үшіншіден, ғылыми зерттеу әдістері нақты көрсетіліп тұр, салыстыру, ғылыми талдау, жинақтау, жіліктеу, сипаттау сияқты элементтері қолданылады, өзіндік ғылыми парадигма ұсынуы, әр авторға модульдік баға беру тәсілі соны;

төртіншіден, зерттеуші өзінің қорытатын материалдарын жүйелеуде қазақстандық жетекші ғалымдардың еңбектеріне жүгінеді, келтірген цитаталары мен дәйектері орынды;

бесіншіден, ұлттық ерекшелігіміз ескеріліп, кешегі тарихымыздың деректері орынды қолданылады және бүгінгі күнмен сабақтастырылады, тұжырымдары мемлекеттік бағдарламалармен үндеседі;

алтыншыдан, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында медиа кеңістігінің дамуына, бұқаралық демократияда қол жеткізген табыстары мен нәтижелері кең тарқатылып талданады, журналист, автор және қоғам арасындағы байланыстардың ерекшелігі тарқатылады, көсемсөздің тілдік, стильдік қолданысына ғылыми баға беріледі;

жетіншіден, ғылыми жұмыс біртұтас және бірегей еңбек, барлық элементтері тақырыпты ашуға, ғылыми тұжырымдауға бағытталған, авторлық көзқарасы айқын, плагиаттық мүмкін емес.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Ізденушінің алған нәтижелерінің теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығын аңғаруға болады. Мемлекеттік «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан» бағдарламалары мен ақпараттық саясатының тұжырымдарын жетілдіруде бұл нәтижелерді кеңінен қолдануға болады. Диссертацияда бай материал жиналған, факті, дерек мейлінше екшелген, сұрыпталған, көрнекіленген. Жекелеген тұжырымдары қазіргі журналистикатанудағы, қоғамтанудағы елең еткізер сонылығымен құнды. Ұлттық журналистика құндылықтары жүйесіндегі қазақ замансөзінің орны мен рөлі тиісінше анықталған. Ақын-жазушылардың ел тәуелсіздігін қалпына келтіру жылдарындағы көсемсөзіне лайықты байламдар мен жан-жақты талдаулар жасалған. Әр ақын-жазушының ерекшеліктерін саралтау арқылы көпшілікке арналған қазақ сөз өнерінің кеңістігі жаңа ұғымдармен толықтырылған. Заман тынысына қарай танымы мен пайымы ұлттық үлгіге қарай ойысқан қалам қайраткерлерінің ой мен сөзді қабыстыру ерекшеліктері сараланған, қазақ әлемі көсем журнализмінің панорамалық картинасы жасалған. Сөйтіп, тәуелсіздік жылдарындағы еркін ойлы қазақ көсемсөзінің, оның кемелденуіне санаткерлік үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармашылық динамикасы айқындалған. Осы нәтижелерді басқа да ғылыми зерттеулерде, жоғары оқу орындарында маман даярлауда қолдануға болады.

6. Автордың даралық принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі айқын көрінеді. Рухани сала ғаламат өзгеріске ұшырауда, адам айтқысыз жылдамдықпен ақпарат алу, тарату журналистика тұтастығына да едәуір әсер етті. Зерттеуші осы мәселелерді тереңнен қозғайды, таратады, ғылыми байлам, оңтайлы ұсыныс айтады. Біз диссертанттың рухани сана, ұлттық бірегейлік пен тұтастық, ондағы көсемсөздің жетекші орны мен маңыздылығына қатысты пікірлеріне, атап айтқанда, журналистика саласының интеллектуалдық, көркемдік күш-қайратын еселеу керек деген тезисіне толық қосыламыз. Осы даралық принципі жинақтаған материалдарды талдаудан туындап отыр.

7. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы.

Диссертация апробациядан өткен, тұжырымдары 13 ғылыми мақалада жарық көрген, ғылыми баяндамаларда көпшілік талқысына ұсынылған. Қазақстан сияқты тәуелсіз елдің көсемсөзінің дамуын, ондағы жекелеген авторлардың шығармашылық ерекшелігін тап басқан, жете талдаған, сапалы журналистиканың белгілерін көрсеткен, соны мәдени кеңістік қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін танытқан, теориялық жағынан дер кезінде тұжырымдаған байыпты да байсалды, салмақты еңбек деп тұжырымдауға болады.

8. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныс-пікірлер.

Жұмыс мазмұны мен рәсімделуіндегі ескеретін жағдайлар:

- Бүгінгі бұқаралық коммуникацияның дамуын көрсететін Дэвид Маккуэл, Норберт Больц және басқа да шетелдік беделді зерттеушілердің еңбектеріне көңіл бөліп, қазақ көсемсөзінің дамуындағы үрдістерді салыстыра баяндағанда жұмыстың ғылыми құндылығы артар еді;
- «Журналистика» шифры бойынша қорғалып отырғандықтан, кейбір элементтерді соған бейімдеу және нақтылау, осы шифрмен қорғалған еңбектерге көңіл бөлу, медиакоммуникация теориясы мен практикасы шеңберінде қарастыру;
- «Журналистика» шифры бойынша бұрын қорғалған Б.Майлин (зерттеуші Т.Бейісқұлов), С.Ерубаев (Г.Сұлтанбаева), Ә.Әлімжанов (А.Есдәулетов), Ж.Аймауытов (Н.Қуантаев), С.Мәуленов (С.Оспанов), Е.Букетов (Қ.Асанов), Ә.Бөкейханов (Ш.Забих), А.Байтұрсынов (Ж.Байтелесова), Қ.Бекхожин (Ғ.Майкотова) публицистикасы туралы диссертациялар ғылыми этика тұрғысынан назардан тыс қалмаса дейміз;
- кейбір тұжырымдарын кесте, диаграмма, сызба түрінде беру, жалпы көрнекілікке, яғни визуализацияға баса назар аудару;
- ғылыми әдістерді кеңіту, соңғы жылдары батыстық зерттеушілер кең қолданатын мәтіннің контент-анализі, сентимент-анализ (sentiment analysis) сияқты тәсілдерін, компьютерді қолданып сөз жиілігін анықтағанда ғылыми құндылығы артар еді;
- жұмыста орын алған кейбір орфографиялық және стильдік олқылықтарды түзетіп, ғылыми стильде редакциялап шыққан жөн.

9. Зерттеу жұмысының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылған пікірлерімді қорыта келе, кейбір ескертпелермен Жумабекова Гаухар Айтбеккызының «Қазақ ақын-жазушыларының тәуелсіздік жылдарындағы көсемсөзі» атты диссертациясы «Журналистика» шифрі бойынша философия докторы (PhD) атағын қорғауға лайық және ресми қорғауға ұсынуға болады деп білемін.

Пікір беруші:
филология ғылымдарының кандидаты,
«Халықаралық ақпараттық технологиялар Университеті» АҚ «Медиакоммуникация және Қазақстан тарихы» кафедрасының ассистент-профессоры **А.А. Бейсенқұлов**

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті
Международный университет информационных технологий

Подпись указанного лица удостоверяю